



Семей қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/200-VIII шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы, 3-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-п бұйрығына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтар басқару бағдарламасын осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы мәслихат төрағасының м.а.

К. Шапатов

Семей қаласы мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 38/200-VIII шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

АБАЙ ОБЛЫСЫ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘЗІРЛЕУШІ

"CSDConsulting" ЖШС

Директор Мельникова О.В.

Семей қаласы, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 8

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫН ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ 9

2. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ. СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ 11

2.1 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі және морфологиялық құрамы	11
2.2 Қалдықтарды басқару саласындағы қолданыстағы нормативтік актілер	12
2.3 Қалдықтарды жинау және шығарумен тұрғындардың қамтылуы	15
2.4 Коммуналдық қалдықтарды жинау, жинақталуы және бөлек жинау	15
2.5 Коммуналдық қалдықтарды тасымалдау	17
2.6 Коммуналдық қалдықтарды қалпына келтіру	18
2.7 Тағам қалдықтарын жинау және қайта өңдеу бойынша қолданыстағы жағдайды талдау	19
2.8 Құрамында қауіпті заттары бар коммуналдық қалдықтарды (құрамында сынабы бар, медициналық, ЭЭЖҚ және басқалары) басқарудың ағымдық жай-күйін талдау	19
2.9 Тұрғындардан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын шығару бойынша ағымдық жағдайды талдау	20
2.10 Қалдықтарды көму	21
2.11 Рұқсат етілмеген үйінділер	21
2.12 Қалдықтарды басқару шараларына бөлінген қаржыларды талдау	21
3. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС	22
4. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР. SWOTТАЛДАУ	24
5. УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАР ҮШІН БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ТАЛДАУ	25
6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ	30
6.1 Қазақстанда коммуналдық қалдықтарды басқару тәжірибесі	30
6.2 Шетелдерде коммуналдық қалдықтарды басқарудың озық тәжірибесі және әдістері	42
7. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ 2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ	57
7.1 2028 жылға дейін коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін болжау	57
7.2 Бағдарлама мақсаты және міндеттері	58
7.3 Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері	58
8. СЕМЕЙ Қ. 2024-2028 ЖЫЛДАРДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТПЕН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ	59
8.1 Семей қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының қойылған міндеттеріне жету жолдары	61
8.1.1 Ұйымдастырушылық-әкімшіліктік басқаруды жақсарту	61

8.1.2 Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау мен қалпына келтіруді дамыту және қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін коммуналдық қалдықтарды басқару инфрақұрылымын жаңғырту. 62

8.1.3 Семей қаласы тұрғындарының қалдықтарды басқару, соның ішінде қалдықтарды бөлек жинау саласындағы қызығушылықтары мен хабардарлық деңгейін жоғарылату 68

9. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР 70

10. БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МОНИТОРИНГІ 71

11. БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ 72

1-қосымша 81

2-қосымша 85

3-қосымша 86

3-қосымша 86

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Биоыдырайтын қалдықтар - анаэробты немесе аэробты ыдырауға қабілетті қалдықтар, соның ішінде бау-бақша және саябақ қалдықтары, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстырылатын тамақ қалдықтары, макулатура.

Қалдықтарды көму – қалдықтарды алу ниетінсіз, шектеусіз мерзім аралығында қауіпсіз сақтау үшін арнайы бекітілген орындарда жинау.

Коммуналдық қалдықтар – тұтыну қалдықтары, құрамына кіретіндер:

1) аралас қалдықтар және қағаз және картон, шыны, металл, пластмасса, органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма, қораптар, пайдаланылған электрлік және электрондық жабдықтар, батареялар мен аккумуляторлар секілді үй шаруашылығында бөлек жиналған қалдықтар;

2) аралас қалдықтар және өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылығындағы қалдықтарға ұқсас болып келетін басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар.

Контейнерлік алаңдар – коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар, мұнда коммуналдық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке арналған жүру жолдары бар коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнатылады;

Ірі көлемді қалдықтар – шаруашылық әрекет барысында (тұрмыстық техника, жиһаз және басқалары) өзінің тұтынушылық қасиетін жойған және өзінің көлемі бойынша тек мамандандырылған көлік құралдарымен ғана тасымалдау мүмкіндігі бар тұтыну қалдықтары.

Тұтыну қалдықтары – адамның тіршілігі барысында түзілген қалдықтар, толық немесе ішінара өзінің тұтынушылық қасиетін жойған өнімдер және (немесе) бұйымдар, олардың қораптары және басқа заттар немесе олардың қалдықтары, агрегатты күйіне қарамастан, пайдалану мерзімі немесе жарамдылық мерзімі өтіп кеткен, сонымен қатар, меншік иесі өз бетінше немесе құжат арқылы тұтыну қалдығы разрядына өткен қалдықтар.

Электрондық және электрлік жабдық қалдықтары – Жарамсыз немесе қолданыстан шыққан, қалдық қатарына жатқызылатын электрондық және электрлік жабдықтар, сонымен қатар, оның тораптары, бөліктері, бөлшектері.

Тамақ қалдықтары - тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну нәтижесінде пайда болатын, тамақ өнеркәсібінде түзілетін қалдықтармен салыстырылатын қалдықтар.

Қалдықтарды көму полигондары -. қалдықтарды алу ниетінсіз, арнайы жабдықталған, экологиялық, құрылыс және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетін орынға тұрақты орналастыру.

Қалдықтарды бөлек жинау - ары қарай мамандандырылған басқаруды жеңілдету мақсатында түрлері немесе топтары бойынша бөлек жиналған қалдықтар.

Қалдықтарды жинау – жеке және заңды тұлғалардан мамандандырылған ұйымдарға ары қарай қайта қалпына келтіруге немесе жоюға бағыттау мақсатында қалдықтарды қабылдауды ұйымдастыру бойынша іс-әрекеттер.

Мамандандырылған ұйымдар – коммуналдық қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, қалпына келтіру және (немесе) жою бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар;

Құрылыс қалдықтары - ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік нысандарды, жолдарды, инженерлік және басқа коммунациялардың құрылысы немесе оларды бұзу, сұрыптау, қайта жабдықтау, жөндеу (соның ішінде капиталдық) барысында түзілетін қалдықтар.

Тұрмыстық қатты қалдықтар - қатты күйдегі коммуналдық қалдықтар.

Қалдықтарды тасымалдау – жинау, сұрыптау, қайта өңдеу, қалпына келтіру және (немесе) жою барысында түзілген, жинақталған қалдықтарды мамандандырылған көлік құралдары көмегі арқылы тасымалдаумен байланысты іс-әрекеттер.

Қалдықтар жою – термиялық, химиялық немесе биологиялық үдерістер нәтижесінде көлемі маңызды түрде төмендейтін және (немесе) қалдықтардың физикалық жай-күйі мен химиялық құрамы өзгертін, бірақ өнім өндіру немесе энергия алу мақсатында қолданылмайтын қалдықтарды жою тәсілі.

Қалдықтарды басқару - қалдықтар түзілгеннен бастап, соңғы жойғанға дейінгі жүзеге асырылатын операциялар.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі – меншік нысаны және іс-әрекет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде және (немесе) жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) тұратын немесе өзінің іс-әрекетін жүзеге асыратын,

сонымен қатар, меншік иелігінде контейнерлік алаңдары мен контейнерлері жоқ, немесе жалпы пайдаланылатын жерде тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін контейнерлік алаңдары мен контейнерлері бар жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органмен ұйымдастырылатын жүйе.

ҚЫСҚАРТУЛАР

ҰСБ	Ұлттық статистика бюросы
ММ	Мемлекеттік мекеме
Семей қ. ТШБ	Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі
ЕО	Еуропалық Одақ
ЖК	Жеке кәсіпкер
ІКҚ	Ірі көлемді қалдықтар
КА	Контейнерлік алаңдар
ҚР ЭТРМ	Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
ҚҚЗ	Қалдықтарды қайта өңдейтін зауыт
ҚСК	Қоқыс сұрыптайтын кешен
ҚШҰ	Қоқыс шығаратын ұйым
ҚҚС	Қосымша құн салығы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ЭЭЖҚ	Электрондық және электрлік жабдықтар қалдықтары
ҚСБҚ	Құрамында сынабы бар қалдықтар
КЖП	Кеңейтілген жауапкершілік принципі
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ТҚҚ	Тұрмыстық қатты қалдықтар
ТРБ	Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты реттеу басқармасы
ҚР ЭК	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі

БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Атауы	Абай облысы Семей қаласының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы
Әзірлеуге арналған негіздеме	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. 2021 жылдың 2-қаңтарындағы № 400-VI ҚРЗ Жергілікті атқарушы органдарға коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі Бағдарламаны әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар, ҚР

	Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 18.05.2023 ж. №1546 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	"Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" ММ
Бағдарламамақсаты	Бағдарламаның мақсаты полигондарға жіберілетін қалдықтардың көлемін төмендету және қайта өңдеу үлесін жоғарылату үшін коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қалпына келтіру және жою бойынша қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру және жаңғырту болып табылады. Бағдарлама Абай облысындағы және Семей қаласының коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы бекітілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған.
Бағдарлама міндеттері	1.Қаладағы ұйымдастырушылық-әкімшілік басқаруды жақсарту. 2. Коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша инфрақұрылымды жаңғырту. 3. Коммуналдық қалдықтарды сұрыптау және қалпына келтіруді дамыту. 4. Коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көму. 5. Қалдықтарды басқару бойынша жұртшылықтың хабардарлығын жоғарылату.
Қаржыландыру көлемі	1-ші кезең (2025ж.) – 328 млн. теңге (жергілікті бюджет) 2-ші кезең (2025-2026 жж.)- 6 022,4 млн. теңге (облыстық бюджет) 3-ші кезең (2026–2028 жж.) – 6-8 млрд. теңге, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арқылы. * Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қаржыландыру көздері бойынша шығындар қосындысына "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арқылы Семей қаласының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі инфрақұрылымын құру бойынша жобаларды жүзеге асыру және Абай облысының қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары шеңберіндетісті қаржылық жылдың республикалық және жергілікті бюджетін бекіту және нақтылауды ескере отырып, түзетулер енгізілетін болады.
Бағдарламаны орындаушылар	Семей қаласының әкімдігі, Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, Абай облысындағы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, коммуналдық қалдықтарды жинаумен, шығарумен, қалпына келтірумен және көмумен айналысатын субъектілер, мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік нысандар, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, ҰЕҰ, тұрғындар және басқа да мүдделі тараптар.
Кезеңдері	5 жыл: 2024 – 2028 жж.

КІРІСПЕ

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы ағымдық жай-күйді талдау және қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерді жетілдіруге бағытталған іс-шаралар тізбегін қарастыратын стратегиялық құжат болып табылады.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің (ары қарай – ҚР ЭК) 365-бабына және ҚР экология және табиғи ресурстар министрлігінің 18.05.2023 жылғы №154 бұйрығымен бекітілген " Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсыныстарына" сәйкес әзірленген.

Бағдарлама халықаралық тәжірибенің басым бағыттарын ескеріп, ұлттық стратегиялық, бағдарламалық және концептуалдық құжаттарды негізге ала отырып әзірленген.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Семей қаласының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі ағымдық жағдайға талдау жасалынды, тұрғындардың көзқарастарын ескеру мақсатында сауалнама жүргізілді, мәселелер айқындалды және экологиялық заңнама талаптарына сәйкес, Семей қаласының аумағында коммуналдық қалдықтарды басқарудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді жүйесін құруға бағытталған іс-шаралар кешені әзірленді.

Бағдарламаны жүзеге асыру Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді, атап айтқанда, қалдықтарды басқару инфрақұрылымы жаңғыртылатын болады (контейнерлер, контейнерлік алаңдар, қоқыс шығаратын көліктер), қалдықтарды бөлек жинау енгізіледі, автоматтандырылған сұрыптау желісі іске қосылады, коммуналдық қалдықтарды қауіпсіз көму үшін жаңа полигон салынады, ТҚҚ ескі полигонының жер аумағын қалпына келтіру жүргізіледі, қалдықтарды бөлек жинау және қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу бойынша тұрғындардың хабардарлық деңгейі жоғарылайтын болады.

Осылайша, Бағдарламаны жүзеге асыру коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін азайтумен қатар, Семей қаласының қоршаған ортасына қалдықтардың теріс әсерін төмендетіп, коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы Қазақстан Республикасы мен Абай облыстарының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫН ДАМЫТУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Семей қаласы Қазақстанның шығысында орналасқан, 2022 жылдан бастап, Абай облысының әкімшіліктік орталығы болып табылады.

Қала климаты айқын континентальды климатпен сипатталады, қысы суық және жазы соған сәйкес ыстық.

Негізгі жер үсті су ағыны Ертіс өзені болып табылады, оның екі жағалауында Семей қаласы орналасқан.

Халық саны 2024 жылдың 1 наурызында 330 966 адамды құрады, оның ішінде 314 024 қалалық тұрғындар, 16 942 ауылдық тұрғындар.

Семей қаласы тау-кен және қайта өңдеу өнеркәсіптерінің, электр энергиясын өндіру мен таратудың, жылу және сумен жабдықтаудың, ауыл шаруашылығының, сауданың, мәдени және білімнің ірі орталығы болып табылады.

Қалада республиканың орталық, солтүстік және шығыс бөлігін оңтүстік өңірлермен байланыстыратын темір жол магистралы орналасқан. Қаланың басқа облыстармен байланысы су жолдарымен, автокөлік жолдарымен және әуе кеңістігімен де жүзеге асырылады.

Семей – қалалық әкімшілік орталығы. Қала әкімшілігінің құрамына Семейден басқа 14 ауылдық округтер кіреді.

1-кесте. Семейдің қалалық әкімшілік құрамына кіретін ауылдық округтер алынып тасталды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 26.11.2025 № 51 /273-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қалдықтарды басқару мәселелері республикалық және жергілікті деңгейде де өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарында тұрғындарды қалдықтарды жинау және шығару қызметімен қамту, бөлек жинауды ендіру, қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру, полигондарға көмілетін қалдықтардың көлемін төмендету, полигондар санын азайту және т.б. қарастырған.

Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға өту тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай ТҚҚ шығарумен тұрғындарды 100%-бен қамтуды қамтамасыз ету, 2030 жылға қарай қайта өңделетін қалдықтардың үлесін 40%-ға арттыру, ал 2030 жылға қарай ТҚҚ полигондарының 95%-ын экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкестендіру қарастырылған. Тұжырымдаманың нысаналы индикаторлары жергілікті атқарушы органдар үшін негізгі бағыттаушы құрал болып табылады.

Көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің стратегиясына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2.02.2023 жылғы Жарлығы) сәйкес, қалдықтарды басқару жүйесін декарбонизациялау бойынша негізгі қадамдар ретінде қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту, ТҚҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп ендіру және қайта өңделетін және қордаланатын қалдықтардың үлесін арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар Семей қаласы мен Абай облысының бағдарламалық құжаттарында көрініс тапты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 маусымдағы №707 Қаулысына сәйкес Семей қаласының 2025 жылға дейінгі қолданыстағы Бас жоспарында тұрмыстық

қатты қалдықтар полигонының құрылысы мен қоқыс сұрыптайтын зауыт құрылысы алдын-ала қарастырылған.

Табиғи мұраны сақтау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қолайлы ортаны құру үшін Семей қаласының 2040 жылға дейінгі дамуының жаңа бас жоспарының жобасында Семей қаласында ТҚҚ арналған жаңа заманауи полигон құрылысы мен қоқыс сұрыптайтын кешенді іске қосу, қалдықтарды бөлек жинауды ендіру жоспарлануда.

Абай облысының 2023-2027 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы №63 Қаулысында Семей қаласында ТҚҚ полигонының құрылысы және республикалық және жергілікті бюджет есебінен қоқыс сұрыптайтын желіні орналастыру үшін ТҚҚ полигонындаангар құрылысы алдын-ала қарастырылған. .

ТҚҚ жаңа полигонының құрылысы және сұрыптау желісіне арналған ангар жөніндегі жоспарлар бюджеттік құрал есебінен Абай облысының 2023-2025 жж қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген.

Абай облысының 2023-2025 жж арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында жергілікті бюджет есебінен ТҚҚ жинау пункттерінің желілерін қалпына келтіру және кеңейту жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Абай облысы Семей қаласының 2024-2028 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес, бизнес құралдары есебінен "Дайын өнім шығарумен автокөліктерді (доңғалақтарын) пайдалану барысында түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша кешен құрылысы" жоспарлануда.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі осы бағдарламада жоғарыда айтылған құжаттар мен іс-шаралардың барлығы қарастырылған, себебі ол салалық құжат болып табылады және нақты іс—шаралар мен қадамдарды, орындалу мрезімдерін және қаржыландыру көздерін қамтиды. Салалық бағдарламадағы барлық стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларды үйлестіру қалдықтарды басқаруға жүйелік тәсілді қамтамасыз етеді, іс-шараларды жүзеге асыру тиімділігін арттырады және Семей қаласы мен Абай облысына арналған нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге қолайлы жағдайлар жасайды.

2. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ. СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

2.1 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі және морфологиялық құрамы

Коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін талдау үшін Ұлттық статистика бюросының (ары қарай – ҰСБ) соңғы 5 жылдағы, яғни 2018-2022 жылдар аралығындағы мәліметтері талданды.

2-кесте. Семей қаласының 2018-2022 жж жиналған, тасымалданған, сұрыпталған және көмілген қалдықтарының көлемі

Семей қаласы	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі, тонна	65 159	62 374	52 597	54 150	52 844	48809
Тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі, тонна	61 691	59 759	52 597	54 150	47 002	42349
Сұрыпталған қалдықтардың көлемі, тонна	4 335	31 400	26 350	24 878	15 000	13348
Кәдеге жаратылған және көмілген (қалдырылған) қалдықтар көлемі, тонна	37 184	30 974	30 857	27 698	44 426	44449

ҰСБ мәліметтері бойынша Семей қаласындағы жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі орташа есеппен жылына 57-58 мың тоннаны құрайды.

2022 жылғы мәліметтер бойынша жиналған 52 844 тонна коммуналдық қалдықтардың 84% ТҚҚ полигонына көмілген. Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ақпараттары бойынша қаладағы ТҚҚ қайта өңдеу үлесі 2022-2023 жылғы мәліметтер бойынша 16 -17 % құрады.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамына зерттеулер 2020 жылы Еуразиялық қайта құру және даму банкінің "Семей қаласы және Өскемен қаласының ТҚҚ секторын басқару жүйесін жаңғырту бойынша жобалар" ТЭН әзірлеу барысында жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтардың келесідей құрамы анықталды: органикалық қалдықтар – 24,3%, шыны– 5,5%, пластмасса – 7,6%, қағаз және картон қалдықтары – 4,5%, ұсақ фракция/күл– 38,0%.

ТҚҚ морфологиялық құрамын анықтау бойынша бұрын орындалған жұмыстардың нәтижесі көрсеткендей, коммуналдық қалдықтардың құрамына тұрғындардың тіршілігі

де ықпал етеді. Мысалы, қаланың басым бөлігін жеке секторлар құрайды және олар қатты отындарды пайдаланатындықтан, коммуналдық қалдықтардың құрамында күл/күл-қож қалдықтары да бар. Сонымен қатар, қалдықтардың көптеген түрлерін тұрғындардың өздері декәдеге жаратады(тұрмыстық пештерде жағу, жем-қор ретінде үй жануарларын тамақтандыру).

Қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу барысында ТҚҚ морфологиялық құрамына жеке зерттеулер жүргізілмеген. ТҚҚ қайта өңдеу салаларын тиімді дамыту және технологияларды ендіру үшін ТҚҚ құрамына жүйелік зерттеулерді жүргізу қажет.

2.2 Қалдықтарды басқару саласындағы қолданыстағы нормативтік актілер

Қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/181-VIII шешімімен коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілген.

3-кестеде коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары келтірілген.

3-кесте. Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысандары	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1.	Иеліктегі үйлер: жайлы жабдықталған жайлы жабдықталмаған	1 тұрғын	2,13 2,48
2.	Жатақхана, интернаттар, балалар үйі, қарттар үйі және осыған ұқсас үйлер және т.б.	1 орын	1,4
3.	Қонақ үй, шипажай, демалу орындары	1 орын	0,8
4.	Балалар бақшасы, ясли және басқа да мектепке дейінгі ұйымдар.	1 орын	0,23
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, конторалар, байланыс орталықтары	1 қызметкер	1,27
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1реттік емделу	0,0025
7.	Аурухана, басқа да емдеу-сауықтыру мекемелері	1 койко-орын	1,22
8.	Мектеп және басқа да білім беру орталықтары	1 білім алушы	0,17

9.	Мейрамхана, кафе, баска да көңіл көтеретін орындар және қоғамдық тамақтандыру орындары.	1 отыратын орын	1,6
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерттік залдар, түнгі клубтар, ойын автоматтары, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,21
11.	Музей, көрме	1 м2 жалпы ауданынан	0,06
12.	Стадиондар, спорттық алаңдар	Жоба бойынша 1 орын	0,008
13.	Спорттық, би және ойын залдары	Жалпы ауданынан 1 м2	0,1
14.	Азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлы дүкендер мен аралас дүкендер	Сауда алаңдарынан 1 м2	1,06
15.	Машинамен сауда	1 м2 сату орыны	1,96
16.	Базар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар	Сауда алаңдарынан 1 м2	0,18
17.	Көтерме сату орындары, өнеркәсіптік және азық түліктік тауарлар қоймасы	Сауда алаңдарынан 1 м2	0,18
18.	Тұрмыстық үй: тұрғындарға қызмет көрсету	Жалпы ауданнан 1 м2	0,14
19.	Теміржол вокзалы, автобекеттер, аэропорттар	Сауда алаңдарынан 1 м2	0,54
20.	Жағажайлар, жолдағы көше қоқыстары	Жалпы ауданнан 1 м2	0,13
21.	Дәріханалар	Сауда нүктелерінен 1 м2	0,35
22.	Автотұрақтар, автожуғыштар, АЗЭ	1 машина орыны	3,65
23.	Авто шеберханалар	1 жұмысшы	1,3
24.	Сарай кооперативтері, сарайлар, көлік тұрақтары	1 сарайға	1,04
25.	Шаштараздар, косметикалық орындар	1 жұмыс орны	2,67
26.	Кір жуу, тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу және тігін ательелері.	1 м2 жалпы ауданынан	0,54
27.	Зергерлік бұйым, аяқ киімді, сағатты жөндеу	1 м2 жалпы ауданынан	1,11

28.	Шағын жөндеу жұмыстары және қызмет көрсету (кілт дайындау және тағы басқалары)	1 жұмысшы орын	5,61
29.	Монша, сауналар	1 м2 жалпы ауданынан	0,18
30.	Қала аумағындағы заңды, ж а п п а й ұйымдастырылатын іс-шаралар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,16
31.	Бау - бақша кооперативтері	1 телім	0,46

Семей қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасына сәйкес жайлы жабдықталған үйлерден қалдықтардың түзілу және жинақталуының жылдық нормалары бір адамға 2,13 м3 (426 кг) және жайлы жабдықталмаған үйлерден (жеке сектордан) бір тұрғынға 2,48 м3 (496 кг) құрайды.

Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесіне (ҚР экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 Бұйрығы) сәйкес, коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығы 0,2 тонна/м3 құрайды.

ТҚҚ тығыздық коэффициенті 0.2-0.3 т/м3 "өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың шекті нормативтерінің жобасын әзірлеу әдістемесінің" (Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2008 жылғы 18-сәуірдегі №100-ө Бұйрығына № 16 қосымша және "Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонынан атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын есептеу бойынша әдістеме" 9-ө, Қазақстан Республикасы қоршаған орта және су ресурстары Министрінің 2014 жылғы 12-маусымдағы №221-Ө Бұйрығына №11 қосымша) 2,44 тармағында келтірілген.

Коммуналдық қалдықтардың түзілуін есептеу келесі түрде жүргізіледі:

Қалдық көлемі, м3 = халық саны, адам * коммуналдық қалдықтардың түзілу нормасы, м3.

Қалдықтардың нақты көлемі, м3 = 330 966 адам (1.03.2024бойынша) * 2,13 м3/адамға = 704 957,58 м3.

Қалдық салмағы, тонна = қалдық көлемі, м3 * ТҚҚ орташа тығыздығы, тонн/м3

Қалдық салмағы = 704 957,58 м3 * 0,2 тонн/м3= 140 991 қалдық тонна.

Осылайша, Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтардың түзілуінің жыл сайынғы орташа нормативтік көлемі 704 мың м3 тонна ТҚҚ немесе 140 мың тонна қалдықтарды құрайды. Бұл жылына түзілетін - 57-58 мың тонна. қалдықтардың нақты мөлшеріне сәйкес келмейді.

Семей қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму үшін тұрғындарға арналған тарифтер

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму үшін тұрғындарға арналған тарифтер Семей қаласының Мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/182-VIII шешіміне сәйкес бекітілген.

4-кесте. Семей қаласындағы ТҚҚ жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму үшін тұрғындарға бекітілген тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (ҚҚС)
Жабдықталған үй иелерінен	Айына 1-тұрғынға	420
Жабдықталмаған үй иелерінен		489,01
Бірлікке шаққандағы жылдық тариф (көлемі)	1 м3	2366,19

Тариф бекітілгеніне қарамастан, нақты тәжірибе жүзінде жеке сектор тұрғындары бір үйге арналған ТҚҚ жинау және шығару қызметтеріне шамамен 1500-2000 теңге төлейді. Жеке секторларда ТҚҚ-дан басқа күлдер де түзіледі және тұрғындар күлді шығару үшін де ақы төлейді. Қоқыстарды шығару контейнерлердің толу шамасына немесе қоқыс шығарудың бекітілген кестесіне сәйкес тұрғындардың талаптары бойынша жүзеге асырылады.

Коммуналдық қалдықтарды шығару үшін шағын қоқыс шығаратын компаниялар тұрғындармен жеке келісім-шартқа отырады. Жеке секторлардың көптеген тұрғындары келісім-шартқа отырудан және жинау мен шығаруға төлем төлеуден бас тартады. Тұрғындардың пікірінше, оларда қалдықтар түзілмейді, түзілген қалдықтардың бір бөлігін жануарларды қоректендірсе, бір бөлігін өртейді.

Ескерту. 2.2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 26.11.2025 № 51/273-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.3 Қалдықтарды жинау және шығарумен тұрғындардың қамтылуы

ҚР ЭТРМ мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылы республикада ТҚҚ жинау және шығару бойынша қызметтермен тұрғындардың 81 % қамтылған.

ҰСБ мәліметтеріне сәйкес, Семей қаласында қоқыс шығаратын ұйымдардың қызметін пайдаланған тұрғындар саны 121 мың адамды құраған. 2022-2023 жылдар бойынша мәліметтер ҰСБ сайтында көрсетілмеген.

5-кесте. Семей қаласындағы қоқыс шығаратын ұйымдардың қызметін пайдаланған тұрғындар саны

Семей қаласы	2017	2018	2019	2020	2021	*2022-2023
Қ Ш Ұ қызметін пайдаланған тұрғындар саны, адам	26 234	89 554	106 028	109 585	121 320	160 000

*Семей қаласының ҚШҰ ақпараттары бойынша 2022-2023 жылдардағы мәліметтер

"Семей Тазалық" ЖШС-мен ұсынылған мәліметтерге сәйкес, қалада ТҚҚ жинайтын барлық ұйымдардың тізімінде жалпы саны 160 000 адам бар, бұл қала халқының 48% (қала халқы 01.03.2024 жылы 330 966 адамды құрады) құрайды. Осы жағдайда Семей қаласы тұрғындарының 90-95% қалдықты шығарумен қамтылған. Яғни ұйымүй иелігінде тұратын адамның нақты санын растай алмауымен сипатталады, тұрғындарының саны туралы ресми ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі жоқтығымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, Семейде абоненттік қарыз секілді мәселелер бар. Қарыз адамдар саны 160 000, қоқыс шығаратын компаниялардың ақпараттары бойынша тұрғындардың 20% көрсетілген тарифті уақытылы төлемейді, сол себепті абоненттік қарыздар бар.

2.4 Коммуналдық қалдықтарды жинау, жинақталуы және бөлек жинау

Жеке тұлғалардан коммуналдық қалдықтарды жинау және жинақталуы

Жайлы жабдықталған үйлерде (көпқабатты тұрғын үйлерде) және жалпы пайдалану орындарында коммуналдық қалдықтарды жинау және жинақтау әртүрлі типтегі контейнерлермен жабдықталған арнайы контейнерлік алаңдарда жүргізіледі. Контейнерлік алаңдардан қоқыстарды шығару күн сайын жүзеге асырылады.

Семей қаласында 560 жабдықталған алаңдар бар, онда ТҚҚ арналған 3111 бірлікті контейнерлер орнатылған. Контейнер алаңдарының жағдайы мен ұсыныстар 1-қосымшада келтірілген.

6-кесте. Семей қаласы бойынша контейнерлер саны

Атауы	Контейнер 1,1 м3	Контейнер 0,75	Абонент саны
"Семей-Тазалық" ЖШС	1041бірл.	1604бірл.	136722 адам
"Веретенникова А.А." ДК	59 бірл.	103 бірл.	7240 адам
"Петлин А.Б." ДК	-	60 бірл.	3948 адам
"Непорожний М.В. ДК	-	54 бірл.	2894 адам
"ТБО СЕРВИС" ЖШС	27 бірл.	163 бірл.	9463 адам
БАРЛЫҒЫ	1127 бірл.	1984 бірл.	160 267 адам

Жайлы емес секторларда (жеке үйлерде) коммуналдық қалдықтар контейнерлік емес тәсілмен әрбір үйден қапшықпен, ыдыспен және басқа да сыйымдылықтармен жинақталады немесе әрбір үйдің алдындағы көшеде орналасқан контейнерлік тәсілмен шығарылады. Қоқыстарды шығару кесте бойынша немесе тұрғындардың тапсырысы бойынша жүзеге асырылады.

Бөлек жинау

Жайлы жабдықталған секторлар мен қоғамдық орындар екінші шикізатты бөлек жинауға арналған контейнерлермен жабдықталған. Қалада ТҚҚ бөлек жинау ПЭТ

бөтелкелер мен макулатура үшін сары торлар/контейнерлерде, ал шынылар үшін көк контейнерлерде жүзеге асырылады.

2021 жылы бекітілген "ТҚҚ бөлек жинау және сұрыптауды ендіру бойынша жобаны жүзеге асырудың жол картасы" шеңберінде қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер және оларға қызмет көрсетуге 6 бірлікті арнайы техника "ӨКМ Операторы" ЖШС-не берілді (қазіргі уақытта "Жасыл Даму" деп аталады). Қоқыс шығаратын көліктер мен бөлек жинауға арналған контейнерлер қаладағы "Хазипов Р.С." ЖК сенімді басқаруға берілген.

Жайлы жабдықталған сектордағы контейнерлік алаңдарда орнатылған ПЭТ бөтелкелер мен макулатураға арналған торларға/контейнерлерге қызмет көрсетумен "Хазипов Р.С." ЖК айналысады. Семей қаласы бойынша қалдықтарды бөлек жинау үшін барлығы шыныға арналған көк қоңырау күлтелі контейнерлер – 548 дана, сары торлы контейнерлер – 1148 дана.

Бөлек жиналған екінші шикізат қабылдау пункттеріне немесе қайта қалпына келтіру үшін мамандандырылған қайта өңдейтін компанияларға өткізіледі.

Жайлы жабдықталмаған секторларда тұрғындар коммуналдық қалдықтарды бөлмейді, негізінде тағамдық қалдықтарды үй жануарларына береді, қағаз, картон және ағаштарды үй пештеріне пайдаланады.

Жалпы, контейнерлік алаңдарға қарағанда тұрғындардың басым көпшілігі қалдықтарды сұрыптамайтыны анықталды, қалдықтарды тұрғындар араластырған күйде тастайды. Қалдықтарды бөлек жинау туралы халықтың ақпараттануын жоғарылату үшін жұмыстарды күшейту керек.

Заңды тұлғалардан коммуналдық қалдықтарды жинау және жинақтау

2024 жылдың 1-қаңтары бойынша Семей қаласында шағын және орта кәсіпкерліктің 30 339 субъектісі әрекет етеді. Қолданыстағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құрылымының негізгі үлесі келесідей: жеке кәсіпкерлер – 25 511 бірлік (84 %), заңды тұлғалар – 3 773 бірлік ((12%), шаруа және фермерлік шаруашылық – 1 115 бірлік (4 %). ШОК іс-әрекетінің негізгі саласы сауда, өнеркәсіп, транспорттық қызметтер.

Қаладағы жоғарғы оқу орындарының желісі келесідей: 3 ЖОО, орта-арнайы оқу орындары – 29 колледж, оның 13 (44,8%) мемлекеттік және 16 (55,2%) мемлекеттік емес колледждер.

Семей қаласының жалпы білім беру мекемелерінің желісін 139 білім беру ұйымдары құрайды, соның ішінде: 68 жалпы орта білім беретін мектептер (күндізгі), 4 негізгі жалпы білім беру мектептері, 3 жеке меншіктегі мектеп, 60 мектепке дейінгі ұйымдар (оның ішінде 15 мемлекеттік балабақша, 21 шағын орталықтар, 45 жеке меншіктегі балабақшалар) құрайды. Сонымен қатар, 8 қосымша білім беру мекемелері бар. 2023 жылдың 1 қыркүйегі бойынша жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылар

саны 1 сынып пен 11 сынып аралығында – 48 948 оқушы, мектепке даярлық тобында 51 440 оқушылар есепке алынған. Мектепке дейінгі тәрбие және білім берумен қамтылған 1 жастан 6 жас аралығындағы балалар саны – 11588, бұл жалпы санның 81% құрайды, 3 жастан 6 жасқа дейінгі аралықтағы балалар 100% құрайды.

Тұрғындарға медициналық көмек көрсететін 84 медициналық ұйым бар, оның ішінде 16 стационарлы мекемелер (жеке меншіктегі – 10), амбулаторлық – 45 (жекеменшіктегі 28).

Қалада 4 кітапхана (филиалдары – 17), 2 клуб, тіл орталықтары, қалалық достық үйі, қалалық мәдениет сарайы, "Семей" КДЦ жұмыс істейді. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін қалада 395 спорттық нысандар бар.

Коммерциялық ұйымдар, мекемелер және жеке ұйымдар ТҚҚ арналған контейнермен жабдықталған және келісілген келісім-шарт негізінде жұмыс істейді. Бірқатар ірі заңды тұлғалар ТҚҚ өз күштерімен Семей қаласындағы ТҚҚ полигонына жібереді және полигонмен келісім-шартқа отырады.

Экологиялық заңдылықта алдын-ала қарастырылғандай, Семей қаласының барлық заңды тұлғалары мен жеке кәсіпкерлеріне бекітілген келісім-шартқа сәйкес қызмет көрсетіледі.

ҚР ЭК 367-бабына сәйкес, орталықтандырылған жүйені пайдалану барысында тұрғын үйлерде немесе жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) іс-әрекетін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер осы Кодекске сәйкес жергілікті атқарушы органдармен анықталған тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерімен ТҚҚ тасымалдау жөніндегі келісім-шартқа отыруға міндетті.

Орталықтандырылған жүйеге жатпайтын қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтерін пайдалану барысында жеке ғимараттарда (құрылыстарда) іс-әрекеттерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" заңына сәйкес рұқсаттар мен хабарламалар реестріне қосылған қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерімен ТҚҚ тасымалдауға келісім-шартқа отыруға міндетті.

"Семей Тазалық" ЖШС және оның мердігерлік ұйымдары барлық қалдықтарды ТҚҚ қалалық полигонына тасымалдайды және коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау көлемі бойынша статистикалық есептемелерді береді. Статистикалық мәліметтер ТҚҚ полигонына заңды тұлғалардан жиналған және тасымалданған қалдықтар туралы мәліметтер жиынтығынан тұрады.

2.5 Коммуналдық қалдықтарды тасымалдау

ҰСБ мәліметтеріне сәйкес, 2022 жылы Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтарды жинау және шығарумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдар саны 12 жекеменшіктегі кәсіпорындарды құрайды.

ҚР ЭК сәйкес, ТҚҚ жинау және тасымалдауды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері ҚР ЭТРМ-не іс-әрекеттің басталғандығы туралы хабарлама беруі керек. ҚР ЭТРМ реестрі бойынша Семей қаласында 27 компания қызмет көрсетеді. Семей қаласындағы кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыратын субъектілер тізімі 2-қосымшада көрсетілген.

Семей қаласындағы ТҚҚ жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын негізгі компания "Семей Тазалық" ЖШС болып табылады. "Семей-Тазалық" ЖШС 2022 жылы Семей қаласы бойынша ТҚҚ нарығына қатысушылардың анықтау бойынша конкурс (тендер) жеңімпазы болып танылған. ТҚҚ шығару бойынша қызметтер "Семей Тазалық" ЖШС мен "Абай облысы Семей қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі" ММ арасында 3 жыл мерзімге берілген 2022 жылдың 28 желтоқсанындағы №1 келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

Кейбір учаскелер бойынша "Семей Тазалық" ЖШС үшін мердігерлік қызмет көрсететін келесі ұйымдар жұмыс жасайды: "Непорожний М. В."ЖК, "Веретенников А.А.", ЖК, "Кожамжаров Б.К."ЖК, "Петлин А.Б."ЖК, "Сегизбаев Е.Ж."ЖК, "Сегизбаева К. С."ЖК.

ТҚҚ жинау және шығару бойынша қызмет көрсететін "Семей-Тазалық" ЖШС және барлық ЖК 2024 жылдың 10 сәуірінен бастап ЭТРМ реестрінде тұр және қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау бойынша, қауіпсіз қалдықтарды қалпына келтіру және жою бойынша іс-әрекеттерінің басталғандығы немесе қысқартылғандығы туралы хабарламаны қабылдау талондары бар.

Семей қаласында ТҚҚ тасымалдау үшін жалпы саны 40 мамандандырылған техника іске қосылған, олардың барлығы GPS-датчикпен жабдықталған.

ҚШҰGPS-бағдарламаны күнделікті жұмыстарға пайдаланады, шығару кестесін тексереді және қойылған міндеттердің орындалуын қадағалайды, сонымен қатар, ТҚҚ полигонына тасымалдаудағы өздерінің құзыреттерін қорғайды, отын шығынын қадағалайды.

2.6 Коммуналдық қалдықтарды қалпына келтіру

Республика бойынша ТҚҚ қайта өңдеу үлесінің артуы 2014 жылы 2,6%-дан 2023 жылы 23,9%-ға дейін артты.

ТҚҚ және бөлек жиналған екінші шикізат Семей қаласының ТҚҚ полигонына шығарылады, полигон аумағында қоқыс сұрыптайтын желі бар.

Контейнерлік алаңдардан шығарылған қалдықтар осы сұрыптау желісі арқылы сұрыпталады. Пластикті ыдыстар, картон қағаздары, шыны, қара металл сынықтары, түсті металдар (көбінесе алюминий ыдыстары) және автокөлік доңғалақтары арнайы қорапқа сығылып салынады және кәсіпорын-делдалдар сату үшін дайындалады. Жинақтаушылар екінші шикізатты, соның ішінде пластик, қағаз және картон қалдықтарын Алматыдағы, ҚХР және Ресейдегі мамандандырылған қайта

өндеушілерге сатады. Сұрыпталған ПЭТ ыдыстары 2023 жылдан бастап Семей қаласындағы "KAZPETF" ЖШС филиалына өткізіледі.

Айта кету керек, Семей қаласында қалдықтарды екінші реттік қайта өндеу дамымаған. Мысалы, шыны қалдықтары жиналғанымен, Абай облысында оны қайта өңдейтін мүмкіндіктер жоқ. Шыны ыдыстарын қайта өндеу үшін Алматы, Қытай және Ресейге транспорттық шығындарға байланысты өткізу қиын, себебі арақашықтықтары алыс.

Семей қаласында екінші шикізатты жинау және қайта өндеу бойынша әртүрлі мамандандырылған субъектілер бар.

"Ерсалимова Айтжан Жетписбаевна"ЖК -қағаз және картон қалдықтарын жинау.

Семей қаласындағы "KAZPETF" ЖШС филиалы – ПЭТ-ыдыстарды қайта өндеу.

Семей қаласындағы "Қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық оператор" ЖШС филиалы – ЭЭЖҚ, ҚСБҚ, доңғалақтарды және басқа да коммуналдық қалдық түрлерін жинау және қайта өндеу.

"Металл Трейд VКО" ЖШС, "Восток ВЦМ" ЖШС, "AbaiLom" ЖШС, "АзияМетком" ЖШС және басқалары – қара металл сынықтары, түсті металдар (негізінен алюминий ыдыстары);

"Эйкос" ЖШС–дайын өнім шығару барысында автокөлікті (доңғалақтарын) пайдалану барысында түзілетін қалдықтарды қайта өндеу.

2021 бекітілген "ТҚҚ бөлек жинау және сұрыптауды ендіру бойынша жобаны жүзеге асырудағы жол картасы" шеңберінде "ӨКМ операторы" ЖШС-не (қазіргі уақытта "Жасыл Даму" АҚ) "SABO" фирмасының автоматты сұрыптау желісінің жабдықтары берілген. Сұрыптау желісінің өндірістік қуаттылығы жылына 100 000 тонна. Сұрыптау желісі пайдалану үшін іске қосылмаған, олай болса ТҚҚ қоймаларда сақтаулы.

Семей қаласында ТҚҚ жаңа полигонының құрылысы жоспарлануда. Семей қаласы әкімдігінің 07.04.2020 жылғы №60 қаулысымен ТҚҚ жаңа полигонының құрылысы үшін 100 га аумақты жер телімі бөлінген. Жаңа полигон аумағында осы сұрыптау желісі орнатылып, іске қосылатын болады.

2.7 Тағам қалдықтарын жинау және қайта өндеу бойынша қолданыстағы жағдайды талдау

Тұрғындардың тағам қалдықтары жалпы ағынмен жинақталып, қолданыстағы ТҚҚ полигонына жіберіледі. Қалада тағам қалдықтарын бөлек жинауға арналған контейнерлер жоқ.

ҚР ЭК 2021 жылдан бастап, тағам қалдықтарын көмуге тиым салынған. Биодырайтын коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды тұрақтандыру үшін және оларды қордаландыру арқылы қайта қалпына келтіру және тағам қалдықтарын көмуге тиым салу талаптарын сақталуын қадағалау жұмыстарын күшейту керек.

2.8 Құрамында қауіпті заттары бар коммуналдық қалдықтарды (құрамында сынабы бар, медициналық, ЭЭЖҚ және басқалары) басқарудың ағымдық жай-күйін талдау

Құрамында сынабы бар қалдықтар (ҚСБҚ)

Семей қаласында ҚСБҚ жинау және кәдеге жарату жүйесі қарастырылмаған. ҚСБҚ жинаудың ұйымдасқан жүйесінің болмауы қауіпті қалдықтардың ТҚҚ арналған контейнерге түсу арқылы экологиялық қауіп төндіруі бойынша мәселелер кездеседі.

ҚР ЭК-де қалдық категориясына өткен материалдар мен өнімдерге (доңғалақтар, электрондық және электрлік жабдықтар, қораптар, қағаздар, пайдаланылған майлар, токтың химиялық көздері, сынабы бар қалдықтар), сонымен қатар басқа да қауіпті қалдықтарға талаптар қалдықтардың жеке түрлерін басқару саласындағы ұлттық стандарттармен бекітіледі.

Бүгінде ҚР СТ. 1513 ҚСБҚ. Ресурсақтау. Технологиялық циклдің барлық кезеңдеріндегі қалдықтармен жұмыс жасау. ҚСБҚ жіктеу және қайта өңдеу әдістері. Негізгі ережелер атты стандарт бар.

ҚР 2012 жылдың 13 қаңтарындағы "Энергияны үнемдеу және энерготиімділікті арттыру туралы" №541-IV Заңына сәйкес, республикалық мәндегі қала, астана және аудандық жергілікті атқарушы органдар (облыстық маңызы бар қалалар) тұрғындарда бұрын қолданылған құрамында сынабы бар энергияны үнемдейтін шамдарды кәдеге жаратуды ұйымдастыруға жауапты

Жеке тұлғалардан ҚСБҚ жинау жүйесін әкімдік ұйымдастыруы қажет. Мамандандырылған контейнерлерге қызмет көрсететін соның ішінде құрамында сынабы бар шамдар мен қоректік көздерді қайта өңдеу және тасымалдау мамандандырылған ұйымдарды таңдаумен байланысты шығындар бюджеттік құрал есебінен жабылуы керек. Мамандандырылған ұйымдарды таңдау үшін конкурс (тендер) жүргізу керек, таңдалған компанияның лицензиясы және барлық көрсетілген талаптарға сәйкес болуы керек.

Заңды тұлғалардан түзілетін ҚСБҚ қалдықтар келісім негізінде мамандандырылған компаниялармен кәдеге жаратылады.

ҚСБҚ кәдеге жаратуға беру туралы мамандандырылған ұйымдармен келісім-шартқа отыру бойынша қаладағы барлық мемлекеттік мекемелерге және ұйымдарға профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажет.

Электрондық және электрлік жабдық қалдықтары (ЭЭЖҚ)

Жеке тұлғаларда түзілетін электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын (ары қарай – ЭЭЖҚ) басқару жүйесі Семей қаласында қалыптаспаған.

Негізінде жеке тұлғаларда түзілетін ЭЭЖҚ ТҚҚ арналған контейнерлерге тасталынады, ары қарай қоқыс тасымалдайтын ұйымдармен ТҚҚ полигонына шығарылады, және қоршаған ортаға зиян келтіре отырып, сол полигондарға көміледі.

Полигондарға тасталынған ЭЭЖҚ таттанып, қышқылданады, оның құрамындағы әртүрлі ауыр металдар топырақ пен жер асты суларына түседі, сол себепті, оларды ТҚҚ полигонына көмуге тиым салынады.

ҚР ЭК 365 бабында көрсетілген, құрамында қауіпті заттары бар коммуналдық қалдықтар (ЭЭЖҚ, құрамында сынабы бар қалдықтар, аккумуляторлар және басқа да қауіпті компоненттер) бөлек жинақталып, мамандандырылған компанияларға қайта қалпына келтіру үшін берілуі керек. Осы талаптарға сәйкес, заңды тұлғалар ЭЭЖҚ мамандандырылған ұйымдарға қайта қалпына келтіру үшін өткізуге міндетті.

Семей қаласының нарығында ЭЭЖҚ кәдеге жарату бойынша қызметтерді "Қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық оператор" ЖШС филиалы ұсынады.

Осы жағдайда, ЖАО тұрғындардан ЭЭЖҚ жинау және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастырып, заңды тұлғалардың ҚР ЭК 365 бабының талаптарын сақтауын қатаң бақылауды күшейту керек.

Медициналық қалдықтар

Семей қаласында тұрғындарға медициналық көмек көрсететін 84 медициналық ұйым бар, оның ішінде 16 стационарлық мекемелер (жекеменшіктегі – 10), амбулаториялық - 45 (жекеменшіктегі – 28).

Семей қаласындағы медициналық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша келісім-шарт Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар" Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес монополияландыруға рұқсат етілмейді.

Семей қаласында медициналық қалдықтарды кәдеге жаратумен "Биовторполимер" ЖШС айналысады.

2.9 Тұрғындардан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын шығару бойынша ағымдық жағдайды талдау

Ірі көлемді қалдықтар

Семей қаласының аумағында ірікөлемді қалдықтар (ары қарай – ІКҚ) (тұрмыстық техника, жиһаз және басқалары) бөлек жинақталмайды, себебі, оларды шығаратын арнайы орындар жоқ. ІКҚ контейнерлік алаңдарға шығарылады.

Контейнерлік алаңдардан ІКҚ шығарумен "Зеленстрой Семей" ЖШС айналысады. ІКҚ ТҚҚ полигонына шығарылады.

Оған қоса, экологиялық заңнама талаптарына сәйкес, ірі көлемді қалдықтарға жеке тұлғалар өз бетінше шығаруға мүмкіндік болатындай арнайы ұйымдастырылған орындар болуы керек. Мұндай орындар Семей қаласында жоқ, сондықтан әкімдік үшін маңызды міндет осындай орындарды құру және ІКҚ мен құрылыс қалдықтарын тасымалдау бойынша мамандандырылған компанияларды анықтау.

Құрылыс қалдықтары

Семей қаласы тұрғындарынан құрылыс қалдықтары ТҚҚ жалпы ағынымен бірге жинақталады және қолданыстағы полигонға келіп түседі, себебі, оларды жинайтын арнайы орындар жоқ. Тұрғындарда жинақталған құрылыс қалдықтарын шығарумен қалада ешкім айналыспайды. Олар контейнерлік алаңдарда жинақталады және осы учаскелерге қызмет көрсететін ҚШҰ араласқан қалдықтарды ТҚҚ полигонына шығарады.

2021 жылдан бастап, құрылыс қалдықтарын көмуге тиым салу енгізілді. ҚР ЭК сәйкес құрылыс немесе жылжылмалы мүліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізетін жеке тұлғалар өз бетінше құрылыс қалдықтарын ЖАО-мен ұйымдастырылған арнайы орындарға шығаруы керек. Әкімдіктің маңызды міндеті осындай орындарды құру және құрылыс қалдықтарын тасымалдау бойынша мамандандырылған компанияларды анықтау болып табылады.

2.10 Қалдықтарды көму

2023 жылы республика бойынша ТҚҚ полигондарының саны 3016 бірлікті құрады, оның тек 624 (21%) ғана экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келеді. ҚР ЭТРМ мәліметтеріне сүйенсек, Абай облысында экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін барлығы – 5 (2,9%) полигон бар.

Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтар ТҚҚ қалалық полигондарына көміледі. Полигон Семей қаласы әкімдігінің меншігінде. Полигон Семей қаласы әкімінің 2014 жылғы №777 қаулысымен "Хазипов Р.С." ЖК-не 2 жылға жалға берілген. 2018 жылы тамыз айында әкімдік пен "Хазипов Р.С." ДК жалға алу мерзімін 2067 жылдың 27 тамызына дейін созуды болжамдап, қосымша келісімге қол қойды. Полигон аумағы 69,11 га ол Семей-Қайнар трассасынан 7 км қашықтықта орналасқан.

Бүгінде полигонға 4 590 716 тонна коммуналдық қалдық төгілген. Көмуге рұқсат (жинақталу шегі) 2024 жылдың соңына дейін.

Қалдықтарды қабылдау барысында таразыға өлшейді және қалдықтардың\сапасын тексеру визуалды жүргізіледі.

Полигонды санитарлық-техникалық полигонға жатқызуға болмайды, себебі, негіздемелерді герметизациялау құбылысы жоқ, күл фильтратын жинау және қайта өңдеу жүйесі жоқ, жан-жағы қоршалмаған.

Семей қаласында жаңа ТҚҚ полигонының құрылысы жоспарлануда. ТҚҚ жаңа полигонының құрылысынан кейін ескі полигон аэропортқа жақындау болғандықтан жабылады және полигон аумағын рекультивациялау жүргізу жоспарлануда.

2.11 Рұқсат етілмеген үйінділер

Жыл сайын "Қазақстан ғарыш Сапары" космостық мониторингі арқылы рұқсатсыз үйінділер учаскелері анықталады. ҚР ЭТРМ 2023 жылдағы есептемесіне сәйкес, Абай облысында космостық мониторинг арқылы 347 ұйымдастырылмаған (рұқсатсыз) үйінділер анықталған, олардың барлығы да жойылды. Семей қаласында 2023 жылы рұқсатсыз үйінділерді жоюға 54 млн теңге жұмсалған болатын.

Рұқсатсыз үйінділердің пайда болуының басты себептері жинау және шығару қызметімен тұрғындардың төмен қамтылуы, тарифті төлеуден бас тарту немесе қалдықтардан құтылудың баламалы, заңсыз жолдарын, тәсілдерін іздеу, ІКҚ мен құрылыс қалдықтарын арнайы жинақтау орындарының болмауы және т.б.

2.12 Қалдықтарды басқару шараларына бөлінген қаржыларды талдау

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодекс талаптарын орындау мақсатында Семей қаласының әкімдігі қажетті инфрақұрылымды құрумен қамтамасыз етеді. Семей қаласының ТКШ мәліметтері бойынша қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шараларға 494 млн теңге жұмсалды. Қаржылық құралдар контейнерлік алаңдарды жөндеу мен құрылысына, контейнерлерді сатып алуға және рұқсатсыз үйінділерді жоюға жұмсалған.

7-кестеде 2023 жылғы нақты мәліметтер және 2024 жылға жоспарланған шығындар келтірілген.

7-кесте. Семей қаласында қалдықтарды басқару шараларына шығындар

Атауы	Нақты шығындар, теңге	Жоспарланған шығындар, теңге
	2023	2024-2025
Контейнерлерді сатып алу, металдық, пластикалық контейнерлерді, пластикке арналған торлы контейнерлерді және т.б. сатып алу	360 млн. теңге	120 млн. теңге
Контейнерлік алаңдарды жөндеу және құрылысы	80 млн. теңге	120 млн. теңге
Рұқсатсыз үйінділерді жою	54 млн. теңге	60 млн. теңге
БАРЛЫҒЫ	494 млн. теңге	300 млн. теңге

2026-2027 жылдардағы ТҚҚ полигон құрылысы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 6 022,4 млн теңге, оның ішінде полигон құрылысына – 3 830,0 млн. теңге, сұрыптау желілері үшін ангар құрылысына 2 192,4 млн теңге алдын-ала қарастырылған.


Семей қаласындағы қалдықтарды басқару жүйесін экологиялық заңнама талаптарына сәйкестендіру үшін жаңғырту талап етіледі. Жаңа контейнерлерді, қоқыс шығаратын көліктерді сатып алу керек, санитарлық талапқа жауап беретін контейнерлік алаңдарды құру қажет, ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинауға арналған арнайы орындарды ұйымдастыру керек, экологиялық, құрылыстық және санитарлық талаптарға жауап беретін полигонды салу, қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру, қалдықтарды қайта өңдеуді, ұйымдастыру, құрамында қауіпті заттары бар коммуналдық қалдықтарды ашу және т.б. керек. Мұның барлығы да облыстық, жергілікті бюджетте немесе жеке құралдар есебінен алдын-ала қарастырылуы керек.

3. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС

Семей қаласының қалдықтарын басқару туралы ағымдық жай-күйді бағалау және қоғамдық көзқарасты талдау үшін тұрғындар арасында онлайн сауалнама (ВАТСАП) жүргізіледі. Қоғамдық көзқарасты талдау әлеуметті желілер арқылы онлайн дауыс беру жолымен жүргізілді. Сауалнамада 8 сұрақ қарастырылды, атап айтқанда шығару жиілігі, контейнерлік алаңдардың жай-күйі, бөлек жинауға деген дайындық, қолданыстағы тариф туралы көзқарасы және басқалары. Онлайн сауалнамаға тұрғындар арасынан 320 адам қатысты.

Сауалнама ағымдық жай-күйді бағалау, коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жүйесін жақсартуға тұрғындардың ой-пікірлерін ескеру мақсатында жүргізілді.


Укажите Вашу возрастную категорию?



1-сурет. Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың жастық категориясы

Тұрғындардың арасынан сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі жасы 35-55 және 21-35 жас аралықтағы тұрғындар.


Как Вы оцениваете систему сбора и вывоза мусора в городе Семей (частоту вывоза, состояние контейнерных площадок и пр.)?



2-сурет. Семей қаласындағы қоқысты жинау және шығару жүйесінің жай-күйін бағалау нәтижелері

Семей қаласындағы тұрғындарға жүргізілген сауалнамаға сәйкес, жауап бергендердің 53,1% Семей қаласындағы қоқысты жинау мен шығарудың жай -күйін (шығару жиілігі, контейнерлік алаңдардың жай-күйі және басқалары) – қанағаттанарлық емес деп есептейді.

Как Вы относитесь к раздельному сбору отходов (сортировке отходов по видам)?



3-сурет. Тұрғындардың қалдықтарды бөлек жинауға дайындығын бағалау

Семей қаласындағы сауалнамаға қатысқан тұрғындардың 59,4% қалдықтарды бөлек жинауға дайын екендігін, ал 18,8 % қалдықтарды сұрыптайтынын көрсетті.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың 56,3% қалдықтарды бөлек жинау қаладағы тазалықты сақтауға қосқан үлесіміз деп көрсетті. Ал 62,5% қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көмудің қолданыстағы тарифі (475-553 теңге) қол жетімді деп көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың 56,3%ЖАО тарапынан қалдықтармен дұрыс жұмыс жасау (бөлек жинау, өртеуге тиым салу, қайта өңдеу және т.б.)туралы тұрғындарға ақпараттық жұмыстар жүргізілмейтіндігін атап көрсетті.

Сауалнама нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан тұрғындардың басым бөлігі қоқыстарды шығару жиілігіне, контейнерлік алаңдар мен контейнерлердің жай-күйіне көңілі толмайтындарын жеткізген. Қанағаттанбаудың мұндай жоғары пайызы қалалықтардың өмір сапасын жоғарылату үшін қалдықтарды басқару инфрақұрылымын жақсарту қажеттілігін көрсетті.

Сауалнамаға жауап бергендердің 59,9% қалдықтарды бөлек жинауға дайын екендігін көрсетті. Яғни, тұрғындардың басым көпшілігі экологиялық жауаптылықтың маңыздылығын түсінетіндігін және экологиялық бастамашыл істерге қатысуға дайын екендігін көрсетеді. Бұл қаладағы қалдықтарды бөлек жинау жүйесін ендіруге негіз болып табылады.

Сауалнамаға алынған тұрғындардың 56,3%-ы үшін басты тұрақтандырғыш күш қаланың тазалығын қолдауға үлес қосу. Бұл тұрғындардың басым бөлігінің қала экологиясы мен тазалығына қамқорлық танытуға ынталы екендігін көрсетеді, яғни мұндай құбылыстар экологиялық бағдарлама мен жобаларды жүзеге асыруға жағымды фактор болып табылады. Ал сауалнамаға қатысқандардың 56,3%-ы қалада қалдықтармен дұрыс жұмыс жасау туралы ақпараттық жұмыстар жеткіліксіз жүргізілетіндігін көрсетті. Бұл жергілікті атқарушы органдар үшін тез арада шешім қабылдауды талап ететін маңызды белгі болып табылады. Осы бағыт бойынша бөлек жинауды дұрыс түсіндіру, жағуға тиым салу және қалдықтарды қайта өңдеу қажеттілігі және тағы басқаларын қоса алғанда тұрғындар арасында ағартушылық жұмыстар күшейтілетін болады.

4. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР.SWOTТАЛДАУ

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша Семей қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқару саласының күшті және әлсіз жақтары, қауіптері мен мүмкіндіктері анықталды.

8-кесте. Күшті және әлсіз жақтары, қауіптері мен мүмкіндіктеріне SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Семей қаласының дамыған инфрақұрылымы; Ауданда ТҚҚ жинау және тасымалдау бойынша көпжақты мамандандырылған кәсіпорындардың бар болуы;	Бөлек жинаудың төменгі деңгейі. Тұрғындардағы құрамында қауіпті заттары бар қалдықтарды жинау жүйесінің болмауы; Аз қуатты сұрыптау желісінің бар болуы; Қалдықтарды бөлек жинаудың төменгі үлесі;

Аудандағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың көптігі; ТҚҚ заманауи жаңа үлгідегі полигон құрылысы және коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өңдеу жүйесін дамытуға бизнестің қызығушылығы.	Семей қаласындағы ТҚҚ қолданыстағы полигонының артық толуы; Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу ережелері туралы тұрғындардың ақпараттануының төменгі деңгейі.
Мүмкіндіктері	Қауіптер
Қайталама шикізатты жинау және қайта өңдеуге жергілікті бизнестің қызығушылық танытуы; Қайталама шикізаттың әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу үшін қондырғылардың кеңейтілген ассортименттері, заманауи технологиялардың бар болуы; Алынатын қайталама шикізаттың көлемінің артуы, көмуге жіберілетін қалдықтар үлесінің азаюы. Қоршаған ортаға кері әсердің төмендеуі; "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арқылы субсидиялау	Айналмалы экономикаға тартылуы мүмкін бағалы қайталама шикізаттарды жоғалту; Полигон аумағында органикалық қалдықтардың парникті газдарды соның ішінде метанды бөле отырып ыдырауы; Су, топырақ бетінің ластануы; Құрылыстық және ірі көлемді қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жүйесінің жолға қойылмауынан апатты үйінділердің түзілуі.

Бағдарлама шеңберінде тұрғындардың қажеттілігі мен қайта өңдеуді дамытуда бизнестің қызығушылықтарын, қалдықтардың түзілетін түрлері бойынша Семей қаласының ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық заңнама талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқарудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыру қажет.

5. УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАР ҮШІН БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ТАЛДАУ

Бағдарлама шеңберінде қалдықтарды басқару саласындағы уәкілетті органдардың бақылау шаралары талданды:

"Абай облысы Семей қаласының әкімінің аппараты" ММ;

"Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бөлімі" ММ;

"Абай облысындағы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасы" ММ;

Абай облысы экология департаменті;

Абай облысы полиция департаменті;

Абай облысы санитарлық-эпидемиологиялық департаменті.

"Абай облысы Семей қаласының әкімінің аппараты" ММ:

"Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы):

-коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша нысандардың құрылысына және (немесе) орналастыруға, соның ішінде контейнерлік алаңдарды жабдықтауға және

қайталама шикізатты қабылдау пункттеріне жер телімдерін бөледі және жер телімдерінің шекараларын рәсімдеуді қамтамасыз етеді;

- сәйкес аумақ шеңберінде коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметтеріне бақылауды жүзеге асырады.

Әкімдіктің қызметіне кіретіндер:

- Контейнерлік алаңдардың (КА) құрылысы және жаңғырту, контейнерлерді жаңарту;

- Заманауи типтегі тереңдетілген КА желілерінің құрылысы;

- Құрылыстық және ірікөлемді қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды ұйымдастыру;

- Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

- Қалдықтарды бөлек жинау үшін арнайы контейнерлерді орнату. ҚР ЭТРМ м.а., 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №482 бұйрығына сәйкес жергілікті атқарушы органдар контейнерлік алаңдарда бөлек жинауға арналған (2-ден кем емес) контейнерлердің қажетті санымен қамтамасыз ету керек;

- Тұрғындардан құрамында сынабы бар қалдықтарды жинау жүйесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

- Тұрғындарда түзілетін ҚСБҚ жинау үшін орнатылатын арнайы әмбебап контейнерлерді орнатуды және қызмет көрсетуді бақылау;

- кондоминиум нысандарын басқару органдарының қызметін бақылау және ұйымдастыру, олар арнайы әмбебап контейнерлерді сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге, контейнерге қызмет көрсететін мамандандырылған кәсіпорынмен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға, оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге, тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, контейнерге бөгде заттарды сақтауға, контейнерге бөгде жарнамаларды, хабарландыруларды және т. б. жапсыруға жол бермеуге міндетті;

- тұрғындар үшін үшін демеркуризациялау жөніндегі шаралар кешенін іске асыруға және құрамында сынабы бар қалдықтарға арналған контейнерлерді жөндеуге (ауыстыруға) мамандандырылған кәсіпорындардың жұмыстарын сатып алу үшін қаражат бөлу жолымен халық арасында пайдалануда болған құрамында сынабы бар энергия үнемдейтін шамдарды қайта өңдеуді ұйымдастыру.

ҚР ЭК, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Заңы (4-тарау) және коммуналдық қалдықтарды басқару ережелеріне (ҚР ЭГТРМ м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 Бұйрығы) сәйкес тұрғындарға арналған демеркуризация және ҚСБҚ арналған контейнерлерді жөндеу (алмастыру) туралы кешенді шараларды жүзеге асыруға мамандандырылған кәсіпорындардың қызметтерін (жұмыстарын) алу үшін жергілікті атқарушы билік органдары конкурс (тендер) жүргізуі тиіс.

-Қайталама шикізатты қабылдау пункттерін ұйымдастыруға, кәсіпкерлерді тартуға әкімшіліктік көмек көрсету;

-Тұрғындардан жинақталатын қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің санын арттыру;

-Қауіпті қалдықтарды басқару және осы үдерісті бақылау бойынша қызмет көрсететін мамандандырылған кәсіпорындармен келісім-шартқа отыру қажеттілігі туралы заңды тұлғалармен түсіндірмелі жұмыстарды жүргізу;

-Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсету тәртібі мен кестесі және шарты бекітілген келісім-шартқа қол қою арқылы конкурстық (тендерлік) негізде ТҚҚ жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын компанияны анықтау. Конкурс тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алулар "Мемлекеттік сатып алулар" туралы ҚР Заңының 4 бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

- қалдықтарды бөлек жинауды қоса алғанда қалдықтарды тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін тұрғындарға ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстарды жүргізу;

-Спутниктік навигациялық жүйенің(GPS) мәліметтері бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын бақылап отыратын ақпараттық жүйені ендіру;

-Тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтардың санын идентификациялау мақсатында тұрғындарды тіркеу туралы мәліметтер, ТҚҚ шығару бойынша қызмет көрсететін мамандандырылған ұйымдарға қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Абай облысы Семей қаласының мәслихат аппараты тұрғындарға арналған тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтерін және коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекітеді.

"Абай облысындағы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасы" ММбекітілген заңнамалық тәртіпті негізге ала отырып, өздерінің құзыреттілік шеңберінде қалдықтарды басқару бойынша келесі қызметтерді орындайды:

-Экологиялық заңнамаға сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару ережелерін, экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етумен, жинау, тасымалдау, көму және кәдеге жаратуды қоса алғанда, коммуналдық қалдықтарды бақылауды жүзеге асырады;

-Мемлекеттік-жеке әріптестік туралы келісімге отыру арқылы көмуге жатқызылатын коммуналдық қалдықтардың көлемін қысқартуға және қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға, оларды дайындаудың деңгейін арттыруға, коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін төмендетуге бағытталған экономикалық құралдар мен шараларды әзірлейді.

-Өзінің құзыреттілік шеңберінде қалдықтарды басқару бағдарламасымен келіседі;

-Қалдықтардың түзілу көлемін төмендетуге, оларды қайта пайдалану деңгейін жоғарылатуға, көмуге жатқызылатын қалдықтардың көлемін азайтуға бағытталған экономикалық тұрақтандырғыштармен шараларды әзірлейді;

-Қалдықтарды басқару бойынша іс-шаралар мен бағдарламалардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Абай облысы экология департаменті келесі қызметтерді атқарады:

-Құзыреттілік шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асырады;

-Қоғамдық тыңдауларға қатысады;

-Өзінің құзыреттілік шеңберінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді;

-Табиғатты қорғау шараларының жоспарымен келіседі;

-Құзыреттілік шегінде нысандарға қоршаған ортаға эмиссия беруге рұқсат береді және қоршаған ортаға эмиссия шектерін белгілейді;

-Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;

-Полигон құрамы мен полигонға қалдықтарды орналастыру талаптарының сақталуын жүзеге асырады;

-Егер де, табиғатпайдаланушыэкологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялықнемесе өзге де рұқсаттарда көзделген табиғатпайдалану шарттарын бұзған, қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына аса ірі нұқсан келтірген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатпайдалануға арнал де рұқсаттарды тоқтататұру немесе олардан айыру жөнінде ұсыныстарды енгізеді.

"Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" ММ қалдықтарды басқару саласында келесі қызметтерді жүзеге асырады:

-коммуналдық қалдықтарды жинау (соның ішінде бөлек жинау), жинақтау, тасымалдау, өңдеу, кәдеге жарату, зарарсыздандыру, көму бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыруға қатысуды қамтамасыз етеді. ТҚҚ жинау және шығару Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымды дамыту Министрінің м.а., 2020 жылы 29 сәуірдегі №249 Бұйрығымен бекітілген коммуналдық қызметтер тізіліміне қосылған;

-қалдықтарды қоймалау және кәдеге жарату орындарының аумағын анықтайды;

-қалдықтарды басқару жағдайында пайда болатын табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын-алу және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

-қалдықтарды жинау және шығарумен айналысатын мамандандырылған ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

-қалдықтарды рұқсатсыз орналастыруға кінәлі тұлғаларды айқындайды;

-нақты әрекеттер және құртуға жол берген тұлғаларға қатысты оларды әкімшіліктік жауаптылыққа тарту үшін жергілікті полиция өкілдеріне және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарына ақпараттарды жібереді;

-тұрғындарда түзілетін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтерін және коммуналдық қалдықтарды түзілу және жинақталу нормаларын мәслихатқа бекітуге әзірлейді және ұсынады;

-жеке және заңды тұлғаларға қалдықтарды жинау, кәдеге жарату және тасымалдау тәртібін түсіндіреді;

-сенімді аумақтағы қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы туралы ақпараттарды жинаумен айналысады.

Қалдықтарды жинаумен және шығарумен айналысатын мамандандырылған ұйымдардың қызметтері:

Абай облысы тұрғын пункттері мен қала аумағын абаттандыру ережелеріне сәйкес (Абай облысы қала және тұрғын пункттер аумағын абаттандыру ережелерін бекіту туралы. Абай облысы мәслихатының шешімі, 2023 жыл 15 қараша, № 9/67-VIII) қала және тұрғын пункттер аумағын абаттандыру мақсатында контейнерлік алаңдармен контейнерлерді пайдаланатын мамандандырылған кәсіпорындар:

-контейнерлік алаңдар, контейнерлер және оған жақын жатқан аумақтардың санитарлық ержелерге сәйкестігін қамтамасыз етеді;

-ары қарай пайдалануға жарамсыз контейнерлерді алмастырады және уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізеді;

-Контейнерлік алаңдар мен контейнерлерді үнемі жуу, шыбындар мен кеміргіштерге қарсы үнемі дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша іс-шараларды қабылдайды.

Семей қаласының ІІМ органдарының полиция қызметінің қызметкерлері ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 344-бабы "Қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптардың бұзылуы" негізінде қалдықтарды басқаруды бақылау қызметтерін орындайды:

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген, қалдықтардың жеке түрлерін көмуге тыйым салуды бұзу - бұзушылық жасау нәтижесінде алынған экономикалық пайда сомасынан бір жүз пайыз мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Қалдықтарды жинақтауға немесе көмуге арналмаған арнайы белгіленген орындарда оларды жинап қою, сол сияқты қалдықтарды экологиялық рұқсатсыз немесе қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияда мәлімделмеген қалдықтарды көму – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бұзушылық нәтижесінде алынған экономикалық пайда сомасының бір жүз пайызы, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Қалдықтарды жинақтау, жинау, тасымалдау, есепке алу, қалпына келтіру, жою және залалсыздандыру жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу – жеке тұлғаларға – қырық, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларға қойылатын экологиялық талаптарды бұзу –жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері үш жыл ішінде қайталап жасаған әрекет –қауіпті қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) жоюға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Семей қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ жүзеге асырады:

- "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының орындалуын қадағалау. 3 тарау. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қадағалау және емдік мақсатта бақылау, тексеруді жүзеге асыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, үйлестіру, бақылау-қадағалау әрекеттерінің нәтижелілігі мен тиімділігін жоғарылату бойынша іс-әрекеттер.

6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

6.1 Қазақстанда коммуналдық қалдықтарды басқару тәжірибесі

Қазақстанда қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін құру 2007 жылы ең алғаш рет ҚР ЭК қабылдаумен басталып, Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға өту туралы тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің №577 жарлығымен 2014 жылдың 30 мамырында бекітілген), (ары қарай – Тұжырымдама) қабылданған 2014 жылға дейін белсенді жүргізіліп келді.

Қалдықтарды басқару жүйесін құру және жетілдіру тұжырымдаманың негізгі бағыттарының бірі болып белгіленді және келесі тәсілдерді пайдалана отырып, жүзеге асырылу керек деп көрсетілді:

а) ландшафттарды жан-жақты қорғау және қызметтердің толық спектрін ұсына отырып, қалдықтарды кәдеге жаратудың келісілген жүйесін құру;

б) қайта өңдеу және қайталама пайдалану арқылы, сонымен қатар, қалдықтарды кәдеге жарату есебінен отынды алу, пайдалы заттар мен материалдарды шығару есебінен полигондар санын қысқарту;

в) өнімдерді құнды құру тізбегінде және оның шеңберінен тыс көп айналымда пайдалану арқылы экономиканың тұйық циклін дамыту;

г) қоршаған ортаға техногенді әсерді төмендету және экологиялық жағдайды жақсарту.

"Жасыл" экономиканың мақсаттық индикаторларын орнатудың маңыздылығы бар, соның бірі 2030 жылға дейін тұрғындарды қоқысты шығару қызметімен толыққанды қамти отырып, қалдықтарды кәдеге жаратуды 100%-ға жеткізу, қоқысты санитарлық сақтауды 95%-ға дейін және қайта өңделген қалдық үлесін 40%-ға дейін жеткізу.

Қайта өңдеудің тапсырылған деңгейіне қол жеткізу ТҚК бөлек жинауды ендіру жолымен, қайта өңделген материалдан алынатын пайданы ескере отырып, рентабельділіктің нақты нормасымен осы салаға жұмсалған инвестиция мен операциялық шығындарды жабуға кепілдік беретін тарифті есептеу әдістемесін анықтаумен, пайдаланылғаннан кейінгі қораптар, электрондық және электрлік жабдықтарды, транспорттық құралдарды, аккумуляторларды, жиһаз және басқа да тауарлардың қалдықтарын жинауға және кәдеге жаратуға шығындардың бір бөлігін жабу есебінен ӨКМ принциптерін ендіру, саланы дамыту үшін бюджеттік ресурс есебінен шағын тұрғын пункттердегі муниципалдық құрылым деңгейінде және үлкен қалаларда мемлекеттік-жеке әріптестік арқылы инвестицияларды тарту механизмдерін әзірлеу арқылы болжамданады.

Қалдықтарды басқару саласындағы жаңа реттеулер 2021 жылдың 2 қаңтарында қабылданған № 400-VI ЗРК Экологиялық Кодексында көрсетілген. Экологиялық Кодекске қалдықтарды иерархиялық басқару принциптері, қалдықтарды басқару бойынша кәсіпорындардың іс-әрекеттерін мемлекеттік реттеуді лицензиялау және хабарламалық тәртіп арқылы жүзеге асыру енгізілген. Қалдықтарды басқару бойынша операциялар нақты көрсетілген: қалдықтардың жинақталуы, қалдықтарды жинау, қалдықтарды тасымалдау, қалдықтарды қалпына келтіру, қалдықтарды жою.

Қалдықтарды бөлек жинауға талаптар көрсетілген. Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік-жеке әріптестікті жүзеге асыру мүмкіндігі айқындалған.

Ұлттық статистика бюро мәліметтері бойынша 2023 жылы Қазақстандағы жалпы жиналған қалдық көлемі 4 142 952 тоннаны құрады, жиналған коммуналдық қалдықтар көлемі 3 298 415 тоннаны құраған (9-кесте). Қазақстанда бір жылда жиналған қалдықтардың жалпы көлемі 8%-ға артқан.

9-кесте - 2023 жыл бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі

	Кәсіпорындардың өзі шығарған қалдықтарын қоса алғандағы жиналған қалдықтардың жалпы көлемі	Оның ішінде
		Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі
Қазақстан Республикасы	4 142 952	3 298 415
Абай	62 388	54 191
Ақмола	184 326	140 489
Ақтөбе	132 782	127 032
Алматы	269 754	186 593
Атырау	130 683	113 147
Батыс-Қазақстан	177 823	111 912
Жамбыл	84 225	66 193
Жетісу	56 182	29 401
Қарағанды	430 184	321 093
Қостанай	357 213	196 168
Қызылорда	106 993	105 845
Маңғыстау	120 620	120 220
Павлодар	286 618	222 491
Солтүстік Қазақстан	91 761	74 156
Түркістан	208 909	171 981
Ұлытау	68 547	64 443
Шығыс Қазақстан	160 640	148 159
Астана қаласы	335 440	230 133
Алматы қаласы	574 333	568 178
Шымкент қаласы	303 532	246 591

2023 жылы Қазақстанда коммуналдық қалдықтарды жинаумен және шығарумен 808 кәсіпорындар мен ұйымдар айналысты (10-кесте). Оның ішінде 261 ұйымы қалдықтарды сұрыптаумен, кәдеге жаратумен және көмумен айналысады.

10-кесте - 2023 жыл бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар саны

	Барлығы	Оның ішінде		Оның ішінде		
		Кәсіпорындар мен ұйымдар	Ж е к е кәсіпкерлер	Меншік нысаны бойынша		
				мемлекеттік	жеке	шетелдік
Қазақстан Республикасы	808	467	341	36	768	4
Абай	21	10	11	2	19	-
Ақмола	43	30	13	5	38	-
Ақтөбе	51	23	28	-	51	-
Алматы	77	28	49	1	76	-
Атырау	19	11	8	-	19	-

Батыс-Қазақстан	26	14	12	1	25	-
Жамбыл	76	30	46	1	75	-
Жетісу	17	6	11	1	16	-
Қарағанды	46	21	25	-	45	1
Қостанай	51	30	21	3	47	1
Қызылорда	28	18	10	1	27	-
Маңғыстау	51	38	13	1	49	1
Павлодар	22	14	8	2	20	-
Солтүстік Қазақстан	19	16	3	-	19	-
Түркістан	82	55	27	11	71	-
Ұлытау	6	4	2	1	5	-
Шығыс Қазақстан	28	15	13	1	27	-
Астана қаласы	26	26	-	5	20	1
Алматы қаласы	93	59	34	-	93	-
Шымкент қаласы	26	19	7	-	26	-

2023 жылы Қазақстандағы кәдеге жаратылған және көмілген қалдықтардың жалпы көлемі 166 270 тоннаны құрады (11-кесте).

11-кесте -Кәдеге жаратылған және көмілген қалдықтардың жалпы көлемі

	Кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі, тонна	Оның ішінде:			Қауіпсіз қалдықтарды уақытша көму орындарындағы қалдықтар саны
		Полигонның құрылыстық іс-шараларына бағытталған қалдықтар көлемі	Энергияны алу мақсатында инсинерацияға (жағуға) бағытталған қалдықтар көлемі	Кәдеге жаратудың басқа түрлеріне бағытталған қалдықтар көлемі	
Қазақстан Республикасы	166 270	87 430	13 502	65 338	48 750
Абай	1 544	-	-	1 544	3 000
Ақмола	6 502	2 977	-	3 525	21 010
Ақтөбе	704	-	-	704	104
Алматы	81 949	59 586	-	22 363	-
Атырау	18 188	-	-	18 188	2 246
Жетісу	3 327	-	-	3 327	429
Қарағанды	26 022	16 505	8 517	1 000	-
Қостанай	5 678	5 262	7	409	871
Қызылорда	-	-	-	-	x
Маңғыстау	10 041	-	-	10 041	x

Павлодар	8 078	3 100	4 978	-	1 123
Солтүстік Қазақстан	338	-	-	338	1 788
Ұлытау	-	-	-	-	x
Шығыс Қазақстан	-	-	-	-	17 331
Алматы қ	3 899	-	-	3 899	75
Шымкент қ	-	-	-	-	120

Жиналған ТҚҚ 70%-ы 9 өңірде шоғырланған, олар – Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар, Ұлытау, Атырау облыстары, сонымен қатар, ірі қалаларда – Алматы, Астана және Шымкентте.

Коммуналдық қалдықтардың басым бөлігін көше қалдықтары құрайды: 282,5 мың тонна. Одан кейін макулатура, картон және қағаз қалдықтар (119,9 мың тонна), нарық қалдықтары (107,2 мың тонна), пластмасса, пластик, полиэтилен (84,4 мың тонна), тағам қалдықтары (60,3 мың тонна), сынған шынылар (31,7 мың тонна), металдар (5 мың тонна), киім және тоқыма (1,2 мың тонна), электрондық және электрлік жабдықтар (296 тонна). Басқа араласқан қалдықтар 2,6 млн тоннаны құрайды.

2023 жылғы сұрыпталған қалдықтар көлемі 1,3 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 6,8 %-дан жоғары екендігін байқауға болады.

ТҚҚ қайта өңдеу мен екінші реттік пайдаланудың төменгі деңгейі байқалады. 2023 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша еліміздің 207 қалалары және аудандардың ішінен қалдықтарды бөлек жинау әртүрлі кезеңдерде тек 139 қала мен аудандарда ғана ендірілген, ал сұрыптау 103 қала мен аудандарда ендірілген.

Шамамен тұрмыстық қатты қалдықтардың төртінші бөлігі (25%) қайта өңдеуге жіберіледі. ТҚҚ жоғары шамасы байқалатын кейбір өңірлерде қайта өңдеу деңгейі 20%-дан артпайды. Мысалы, ТҚҚ қайта өңдеу және екінші реттік пайдалану мемлекеттік деңгейден де төмен өңірлер: Алматы қаласы (18%), Алматы (17,1%), Жетісу (17,8%), Ақтөбе (15%) облыстарында, ең төменгі көрсеткіштер – Ақмола (7,9%), Абай (1,6%), Ұлытау (0,1%) облыстарында.

Energyprom мәліметтері бойынша, Қазақстан қоқыстарды қайта өңдеу деңгейі бойынша 179 елдің ішінде 175 орында (2022ж). Рейтинге Қазақстан дамыған елдерден ғана емес, ЕУЭК және Орталық Азия елдерінен де қалып отыр. Йель университетінің сарапшылары көрсеткендей, Қазақстанда 2022 жылы қалдықтарды қайта өңдеу коэффициенті 3,8 тең, ал бұл кезде әлемде ең жоғары қол жеткізілген коэффициент 67,1 болатын.

ҚР ЭТРМ мәліметтері бойынша, 2023 жылы тұрмыстық қатты қалдықтардың 3016 полигоны бар деп есептелді, оның ішінде экологиялық және санитарлық нормаларға тек 624 ғана сәйкес келеді.

Экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келетін полигондардың аз бөлігі Павлодарда – 5 (321 полигонның жалпы санынан 1,56%), Солтүстік Қазақстанда - 11 полигон (450-ден 2,4 %) және Абай облысында – 5 (170-тен 2,9%).

Қазақстандағы ең үлкен мәселе апатты немесе рұқсат етілмеген үйінділердің үлкен санының бар болуы. 2023 жылдың 15 желтоқсанында 5543 апатты үйінділер айқындалып, оның 4388 жойылды.

Республика бойынша ТҚҚ 2000 полигоны бар, олардың ресми жер телімдері бар болғанымен, ҚР заңнама талаптарына сәйкес келмейді – тарату қоры, жинау және қоқыс газын және фильтратты жіберу жүйесі, қоршауы, өлшеу жабдықтары, дезинфекциялық ванналары, полигонның жұмысшы жобасы, ҚОӘБ жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама шешімі, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар жоқ.

Елімізде қандай да бір құжаттары жоқ 400 жуық үйінді бар, кейбірінің жер теліміне деген актісі де жоқ (әсіресе 1000 адамнан артық емес алыс шалғайдағы ауылдық тұрғындарда), сол себепті аумақты санитарлық тазалау шеңберінде оларды жабу талап етіледі.

"Жасыл экономикаға" өту тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай ТҚҚ полигондарының 95% экологиялық талаптар мен санитарлық ережелерге сәйкес болуы керек.

2021 жылдың 2 қаңтарында қабылданған ҚР ЭК нормаларын жүзеге асыру үшін 2021 жылдың 14 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар Министрі "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесін бекіту туралы" Бұйрыққа қол қойды.

ҚР ЭК 367 бабының 3-тармағына сәйкес тұрғындар жариялық келісім негізінде ТҚҚ жинаудың орталықтандырылған жүйесін пайдалануға міндетті және мәслихатпен бекітілген тариф шеңберінде қалдықтарды тасымалдау қызметтерін төлеуі керек (ТҚҚ полигонына өз бетінше шығару тұрғын пункттер нарығында қоқыс шығаратын компаниялар болмаған жағдайда да шығарылады).

ҚР ТҚҚ жинауға тарифтер үш категория бойынша бекітіледі: 1) көпқабатты үйлерде тұратын жеке тұлғалар үшін (абаттандырылған үйлер); 2) жеке жер телімі бар жеке жер үйлерде тұратын жеке тұлғалар үшін; 3) кәсіпкерлер үшін.

Тәжірибе көрсеткендей, қалалармен өңірлердің басым көпшілігі тарифтерді қайта қарап, бекіте бермейді. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанның 89 қаласының тек 11 қаласы (немесе 12%) ҚР жаңа ЭК талаптарына сәйкес тарифтерді бекітті. ТҚҚ тарифтері 7 жыл бойы қарастырылмаған шамамен 89-280 теңге көлемінде қалып қойған өңірлерде де бар.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінше, 2023 жылдың маусым айында елімізде қоқыс шығарудың орташа тарифі бір адамға 403 теңгені құрады. 2022 жылдың маусым айымен салыстырғанда, тариф 31% қымбаттады. Ең жоғары тариф Алматы

қаласында – 718 теңге, Ақтауда – 504 теңге (маусым, 2022 жыл – 250 теңге), Оралда – 496 теңге (маусым 2022 ж. – 286 теңге). Қоқыс шығарудың төменгі бағасы Тараз қаласында тіркелді – 94 теңге.

Елдің әртүрлі өңірлеріндегі мамандандырылған компания қызметкерлерінің еңбек ақысы мен отын, басқа да материалдарға деген шығындардың артуы тарифтердің көтерілуіне себепші болды. Қазақстанның оңтүстігінде, шығысында және батысындағы қоқыс шығарумен айналысатын көптеген компаниялар тарифтердің сәйкессіздігінен өз жұмыстарында көптеген маңызды мәселелерге жолығуда.

Қазақстанның құжаттарында және әлемдік кеңістікте қалдықтарды басқару иерархиясы көрсетілген, ең кең таралған қалдықтарды кәдеге жаратудың тәсілі оны полигондарға көму болып табылады.

Коммуналдық қалдықтарды полигондарға және үйінділерге орналастыру үлкен қауіптерді төндіреді. Жиналған коммуналдық қалдықтардың құрамымен бірге қауіпті компоненттер (электрондық және электрлік жабдықтар, батареялар, аккумуляторлар, сынап бар шамдар және т.б.) полигондарда біртіндеп ыдырап, ауа, жерасты суларын, топырақты уландыратын заттарды түзеді. Сонымен қатар, коммуналдық қалдықтардың құрамында құнды қайталама шикізат (пластик, қағаз, картон, шыны және басқалары) болады, оларды алып, кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге жіберу керек.

ТҚҚ полигондарының қоршаған ортаға маңызды әсері бар және топыраққа, суға газдардың бөлінуін, экожүйені жоюдың алдын-алу және т.б. мақсаттарда тазалау мен сүзгілеудің көптеген жүйелерін пайдаланған күннің өзінде де маңызды экологиялық мәселелерді туындатады.

Қазақстанда сыра мен сүт өнімдерінен босаған шыны ыдыстар қайта пайдаланылады. Ал қайта өңдеуге қағаз, картон, пластиктің көптеген түрлері, шыны, алюминий және басқалары жіберіледі. Қайталама шикізаттан 20-дан астам дайын өнім өндіріледі: гофрокартон, санитарлық-гигиеналық бұйымдар, тұрмысқа арналған әртүрлі заттар (шелек, ыдыс, тегене (шылапшын), тостаған, гүлге арналған ыдыстар, киімлігіш), полимерлі-құмды бұйымдар, химиялық талшық және т.б.

2024 жылдан бастап, қалдықтарды басқарумен айналысатын мамандандырылған ұйымдарға төлем төлеу жүйесі жаңартылатын болады. Ақшалай төлемдердің көлемін бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасы меморгандармен келісілді және бекіту үшін ҚР Үкіметінің Аппаратына енгізілді.

2016 жылдан бастап Қазақстанда сынап бар шамдарды және приборларды, металл сынықтарын, пайдаланылған майларды және сұйықтықтарды, батареяларды, электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын көмуге тиым енгізілді; 2019 жылдан бастап пластмасса, қағаз және шыны қалдықтарын көмуге тиым салынды; 2021 жылдан бастап тағам және құрылыс қалдықтарын көмуге тиым салу күшіне енгізілді. Осы мәселелерді шешу үшін бекітілген заңнамаға сәйкес, қалдықтарды бөлек жинау талаптарын нақты ұстану қажет: сәйкес контейнерлердің бар болуы, мамандандырылған компанияларға

қайта өңдеуге беру және т.б. Мұндай тәжірибе тек ірі қалаларда бірақ жеткілікті деңгейде емес.

Экологиялық заңнамаға сәйкес, жергілікті атқарушы органдар жеке тұлғалардың өз бетінше құрылыс және ірі көлемді қалдықтарды шығаратын, жинайтын арнайы орындарды ұйымдастыруы қажет. Еліміздің басым өңірлерінде, әсіресе ауылдық тұрғын пункттерде ІКҚ мен құрылыс қалдықтарын жинайтын арнайы орындар жоқ.

2024 жылдың 1 шілдесінен бастап, Қазақстанда жаңа Стандарт күшіне енгізіледі: ол тұрғын-коммуналдық шаруашылық. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару. Қазақстандық стандарттау және метрология институтымен әзірленген жалпы талаптар. ТҚҚ және ІКҚ жинау мен шығаруды ұйымдастыру бойынша қызметтер.

Қазақстанда әлемдік тәжірибенің мүмкіндіктерін пайдалануды ескере отырып, қалдықтарды басқару жүйесін толығымен қалыптастыру қажет және қайталама ресурстарды өткізудің қолданыстағы нарығының тәжірибелерін жетілдіру керек.

Қазақстанның ірі қалаларында ТҚҚ басқарудың өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Астана қаласы.

Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығарумен 25 кәсіпорын айналысады, оның ішінде 4 мемлекеттік, 20 жекеменшіктік және 1 шетелдік компания. GPS-датчик бар 100 бірлікті қоқыс шығаратын көліктер іске қосылған. Заңды тұлғалар келісілген келісім-шарт шеңберіне сәйкес қызмет көрсетеді.

2018 жылдан бастап қалдықтардың екі фракциясы бойынша бөлек жинау енгізілген: "ылғалды" (тағам қалдықтары) және "кұрғақ" (қағаз, пластик, шыны, металл). "Кұрғақ" фракциялы қалдықтарды жинау үшін пластикті сары контейнерлер, ал "ылғалды" фракциялар үшін - жасыл пластикалық және мырышталған контейнерлер пайдаланылады (4-сурет). Әртүрлі типтегі қалдықтар түсі бойынша ажыратылатын жеке қоқыс шығаратын көліктермен тасымалданады.

--	--	--



4-сурет. Астана қаласындағы қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер
Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі: 2022 ж. - 210 395 т, 2021 ж. – 118 677 т., 2020 ж. – 96 643 т.

Қоқыстар "Евро-4" экологиялық кластағы мамандандырылған машиналары, қоқысшығаратын техникаларының заманауи паркі бар "Clean City NC" -мен шығарылады. Барлық көліктер GPS трекермен жарақтандырылған.

Қоқыс "Astana Recycling Plant" ЖШС қоқысты қайта өңдейтін (ары қарай – ҚҚЗ) зауыттың аумағына шығарылады. Тәулігіне 100-ға тоннаға жуық ТҚҚ сұрыпталуға және қайта өңделуге келіп түседі, сұрыптау барысында ірі көлемді қоқыстар (картонды қораптар, орайтын пенопласт, полиэтиленді қаптар, шынылар), пластикалық бөтелкелер, қара және түсті металлдар, пластиктің барлық түрлері, полиэтилен, полипропилен, жеңіл ескі фракциялар, органикалық қалдықтар бөлініп алынады.

ҚҚЗ қайта жөндеу шеңберінде 2022 жылы Stadler автоматты қоқысты қайта өңдейтін кешен орнатылған. Сұрыпталған қайталама шикізаттар ПНД-түйіршіктер, ПВД-түйіршіктер, ПЭТ-флексдер, ұнтақталған полипропилен, ПЭТ-пластиндер секілді дайын өнімдерді алу үшін қайта өңдеуге жіберіледі. 2022 жылы ҚҚЗ келіп түскен 799700 тонна қалдықтардан 316753 тонна (39,6 %) сұрыпталған; келіп түскен қалдықтардың 13-15% қайта өңделген.

Қалада қайталама шикізатты қабылдайтын 175 пункт бар:

Металлдарды қабылдау – 75;

Пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды жинау – 23,

Заттарды қабылдау – 44.

Қалған пункттер макулатура, пластмасса, полиэтилен, полипропилен, ПЭТ-бөтелкелерді және т.б. қабылдайды.

Астана қаласындағы ТҚҚ полигоны ҚР заңдылығының талаптарына сәйкес жоспарланған еліміздегі жалғыз полигон. 2022 жылы полигонға жіберілген қалдықтардың жылдық көлемі – 54 769,51 тонна, ал ТҚҚ жатпайтын қалдықтар – 127 859,53 тоннаны құрады.

Шақпатас карьерінің пайдаланылған кен орны болып табылатын "Северная гряда" карьер орынына құрылыс қалдықтарын қабылдау, жинау және қайта өңдеу алаңдары ұйымдастырылған. Алаңда құрылыс қалдықтарын қайта өңдеуге арналған (асфальт, кірпіш, бетон және басқалары) 196 000 м³/жылына қуатты ұсақтағыш кешен орнатылған.

Астана қаласында тұрғындардан нан қалдықтарын жинау бойынша пилотты жоба жүзеге асырылуда. 2022 жылы сәуір айында өзінің қаражаты есебінен қалада 1300 контейнер орнатқан инвестормен меморандумға қол қойылды. Тәулігіне қалада 1 тонна деңгейінде нан қалдықтары жинақталады. Нан қалдықтары топырақты тыңайту мақсатында қолданылатын өнімді шығару жоспарлануда, ал жалпы қазіргі таңда үй жануарларын (балықтар, мысықтар, иттер) қоректендіруге арналған түйіршіктерді өндіру үшін пайдаланылады.

2013 жылдан бастап, елімізде бірінші рет ведомстволық әкімдіктен, бюджеттік ұйымдардан және тұрғындардан түзілетін сынап бар қалдықтарды демеркуризациялау бойынша жоба іске қосылды. Сынап бар қалдықтарды жинауға арналған қызғылт сары 609 контейнер орнатылған.

Медициналық қалдықтарды кәдеге жаратумен 15 ұйым, ал электрондық қалдықтарды жинау және қайта өңдеу қалдықтарымен 5 компания айналысады.

Қалада "Қалдықтар" автоматты ақпараттық жүйесі әзірленіп, іске қосылатын болады. Бұл жүйе қалдықтарды орналастыру үдерістерін басқару сапасы мен бақылаудың толықтығын қамтамасыз етеді, өңірлік операторлар үшін қалдықтарды орналастыру үшін іс-әрекеттің тазалығын көрсетеді, қалдықтарды бөлек жинау үдерістерінің тиімділігін жоғарылатады.

Алматы қаласы

Қалдықтарды басқару жүйесі қалдықтардың түзілуін қадағалаудың, оларды жинау мен сақтауды, кәдеге жаратудың және зарарсыздандыруды бақылаудың ұйымдастырушылық шараларынан тұрады.

Бүгінде Алматы қаласында ТҚҚ жинау және шығару бойынша қызметті ұсыну 100 % құрайды – қызмет көрсететін ұйымдар саны – 67, бірақ қаланың 70% "Тәртіп" ЖШС кәсіпорыны қамтамасыз етеді. Ал 25 ұйым қалдықтарды жинау және тасымалдаумен айналысады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінше, 2021 жылы Алматы қаласында коммуналдық қалдықтарды жинау және шығарумен айналысатын мамандандырылған кәсіпорындармен 481 479 тонна қалдықтар жиналды, 480 393 тонна қалдықтар тасымалданды, оның 21962 тоннасы көму үшін полигонға жіберілді, ал қайта өңдеуге және қоқысты қайта өңдеу ұйымдарына – 458431 тонна ТҚҚ жіберілді.

2019 жылдан бастап қалдықтарды басқару сызбасының өзгерісіне байланысты полигонға көмуге бұрын жіберілген қалдықтардың көлемі азайды: 2017 ж. – 100%, 2019 ж. – 11,5%, 2020 ж. – 9%, 2021 ж. – 4,6%. Қалған қалдықтар мүдделі тараптармен қайта өңдеуге жіберіледі.

Алматы қаласында ТҚҚ жинау үшін қоқыс контейнерлері, көппәтерлі тұрғын үйлерде қоқыс қабылдау камералары орнатылған, сонымен қатар қалдықтарды ыдыссыз жинау әдістері бар.

2024 жылдың 1 мамырынан бастап Алматыда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау , шығару, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көмуге келесідей тарифтер белгіленді: жайлы жабдықталған және жабдықталмаған үйлердің жеке тұлғалары – айына 1 тұрғынға 718,5 теңгені (ҚҚС-мен); заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін –3303,9 тг/ 1 куб.м (ҚҚС-сыз), тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге және көмуге тарифтер – 5600 теңге 1 тоннасына.

